| | |
|---|---|
| 1 жұмыс тобының отырысы – 08.09.2020ж. | 10 жұмыс тобының отырысы – 28.01.2020 |
| 2 жұмыс тобының отырысы – 15.09.2020ж. | 11 жұмыс тобының отырысы – 18.02.2021 |
| 3жұмыс тобының отырысы – 22.09.2020ж. | 12 жұмыс тобының отырысы – 25.02.2021 |
| 4 жұмыс тобының отырысы – 13.10.2020ж. | 13 жұмыс тобының отырысы – 04.03.2021 |
| 5 жұмыс тобының отырысы – 27.10.2020ж. | 14 жұмыс тобының отырысы – 16.03.2021 |
| 6 жұмыс тобының отырысы – 03.11.2020ж. | 15 жұмыс тобының отырысы – 12.04.2021 |
| 7 жұмыс тобының отырысы – 17.11.2020ж. | 16 жұмыс тобының отырысы – 14.04.2021 |
| 8 жұмыс тобының отырысы – 24.11.2020ж | 17 жұмыс тобының отырысы – 15.04.2021 |
| 9 жұмыс тобының отырысы – 02.12.2020 ж | |

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына**
**САЛЫСТЫРМА КЕСТЕ**

| № р/с | Құрылымдық бөлігі | Заңнамалық актінің редакциясы | Жобаның редакциясы | Ұсынылып отырған өзгерістің немесе толықтырудың редакциясы | Өзгерістің немесе толықтырудың авторы және оның негіздемесі | Бас комитет-тің шешімі. Негіздеме (қабыл-данбаған жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| **1. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңы** | | | | | | |
| 1. | Заң жобасының 1-бабының 2-тармағы | Жоқ | 2. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңына<br>1) 1-бапта:<br>...<br>тармақша мынадай редакцияда жазылсын :<br>«16) білім алу үшін арнайы жағдайлар – **ерекше білім** | Мәтіндегі **«ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың)», «ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға»** деген сөздер тиісінше **«мүмкіндігі шектеулі баланың (балалардың)»,** | **Заңнама бөлімі**<br>«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 1-бабының 2) тармақшасына сәйкес. | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың)** оларсыз жалпы білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнайы оқу бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдауды, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар;»;<br>18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:<br>«18) арнайы білім беру ұйымдары:<br>– **ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларға** арналған жалпы білім беретін, бейімделген, арнайы және арнайы жеке (топтық, шағын топтық) оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы.»; | **«мүмкіндігі шектеулі балаға (балаларға)»** деген сөздермен ауыстырылсын. | | |
| 2. | Заң жобасының 1-бабы 2-тармағы 1) тармақшасының жаңа екінші абзацы | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар<br>Осы Заңда мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа екінші абзацпен толықтырылсын:<br>**«8) тармақшадағы «медициналық психологиялық-педагогикалық»** деген | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>Заң жобасының 1-бабы 2-тармағы 1) тармақшасының жаңа үшінші абзацын «Кемтар | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының1-бабының 8) тармақшасы* | пайдаланылады:<br>…<br>8) ерте қолға алу (ерте қолдау) - психикалық-дене бұзылыстары скринингін, **медициналық психологиялық-педагогикалық** диагностиканы, емдеуді, дамыта оқытуды қамтитын, сәби жастағы (үш жасқа дейінгі) балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау; | | сөздер алып тасталсын;»; | балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 1-бабы 12) тармақшасына үйлестіру мақсатында) | |
| 3. | Заң жобасының 1-бабы 2-тармағы 1) тармақшасының үшінші абзацы<br><br>*«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР* | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар<br>Осы Заңда мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:<br>…<br>12) медициналық және психологиялық-педагогикалық диагностика - әр түрлі | «12) **медициналық** диагностика - аурулардың болу немесе болмау фактілерін белгілеуге бағытталған медициналық қызмет көрсету кешені;»; | **«медициналық»** деген сөз алып тасталсын; | **Заңнама бөлімі**<br>«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексі 1-бабы 1-тармағының 98) тармақшасына сәйкес. | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *Заңының 1-бабының 12) тармақшасы* | кемістіктерді анықтау мен емдеудің, оқыту мен тәрбиелеудің сайма-сай жағдайларын белгілеу үшін балалардың психикалық-дене дамуын кешенді салааралық бағалау; | | | | |
| 4. | Заң жобасының 1-бабы 2-тармағы 1) тармақшасының үшінші абзацы<br><br>*«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 1-бабының 12) тармақшасы* | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар<br>Осы Заңда мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:<br>…<br>12) медициналық және психологиялық-педагогикалық диагностика - әр түрлі кемістіктерді анықтау мен емдеудің, оқыту мен тәрбиелеудің сайма-сай жағдайларын белгілеу үшін балалардың психикалық-дене дамуын кешенді салааралық бағалау; | «12) медициналық диагностика - **аурулардың** болу немесе болмау фактілерін белгілеуге бағытталған медициналық қызмет көрсету кешені;»; | «**аурулардың**» деген сөздің алдынан «**балаларда**» деген сөзбен толықтырылсын; | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңның тақырыбына сәйкес келтіру мақсатында. | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5. | Заң жобасының 1-бабы 2-тармағы 1) тармақшасының бесінші абзацы<br><br>*«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 1-бабының жаңа 12-1) тармақшасы* | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар<br>Осы Заңда мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:<br>…<br>**12-1) жоқ;** | **1-бап мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:**<br>**«12-1) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация – анықталған бұзушылықтар мен психикалық даму проблемалары негізінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауды іске асыратын және ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне), сондай-ақ педагогтарға баланың психикалық даму проблемалары туралы ақпарат және оларды еңсеру үшін қажетті нақты әрекеттер туралы ұсынымдар беретін білім беру ұйымы;** | 1-баптың 2-тармағының 1) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтары алып тасталсын; | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>Осы норма «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 10-бабына енгізілетін түзетулерде ескерілді. | **Қабыл-данды** |
| 6. | Заң жобасының 1-бабы 2-тармағы 1) тармақшасының сегізінші абзацы<br><br>*«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-* | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар<br>Осы Заңда мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:<br>…<br>16) арнаулы білім | 16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:<br>«16) білім алу үшін арнайы жағдайлар – **ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар** тұлғалардың (балалардың) оларсыз жалпы білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, **арнайы** оқу **бағдарламаларын** және оқыту | Сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:<br>**«16)** білім алу үшін арнайы жағдайлар – **мүмкіндігі шектеулі** балалардың білім беру бағдарламаларын меңгеруі оларсыз мүмкін болмайтын, | **Депутат Д.Н. Назарбаева**<br>«Білім туралы» ҚР Заңына түзетулерге сәйкес келтіру - 1-баптың 21) тармақшасы, 14, 19 -баптар. | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 1-бабының 16) тармақшасы* | беру жағдайлары – техникалық және өзге де көмекші құралдарды, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және кемтар балалардың білім беру бағдарламаларын игеруі онсыз мүмкін болмайтын өзге де қызметтерді қоса алғанда, арнаулы білім алу үшін жасалатын жағдайлар; … | әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық **қолдауды**, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар**;»;** | **арнайы** оқу және **жеке-дамыту бағдарламаларын**, оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдауды, **медициналық**, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар;»; | | |
| 7. | Заң жобасының 1-бабы 2-тармағы 1) тармақшасының тоғызыншы - он екінші абзацтары<br><br>*«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 1-бабының 18) тармақшасы* | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар<br>Осы Заңда мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:<br>…<br>18) арнаулы түзеу ұйымдары – дамуында кемтар болып қалған:<br>есту қабілеті бұзылған (естімейтін, нашар еститін, кейіннен саңырау болып қалған); | **18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:**<br>**«18) арнайы білім беру ұйымдары:**<br>**– ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған жалпы білім беретін, бейімделген, арнайы және арнайы жеке (топтық, шағын топтық) оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы;**<br>**– психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру мен консультация берудің хаттамаларын іске** | Тоғызыншы - он екінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:<br>**«18) тармақша алып тасталсын;».** | **Депутат А.Қ. Нуркина**<br>«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңның 1-бабының 17) тармақшасында көрініс тапқан «арнайы білім беру ұйымдары» деген ұғым жаңа редакциядағы 18) | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | көру қабілеті бұзылған (көзі көрмейтін, нашар көретін, кейіннен соқыр болып қалған);<br>жүріп-тұру мүшелерінің функциялары бұзылған;<br>сөйлеу қабілеті бұзылған;<br>ақыл-ойы кенжелеп қалған;<br>психикалық дамуы тежелген;<br>эмоциялық-еркі жағынан және мінез-құлқы бұзылған;<br>күрделі бұзылыстары бар, оның ішінде соқыр-саңырау болып қалған балаларға арналған ұйымдар; | **асыратын білім беру ұйымдары.»;** | | тармақшаға сәйкес келеді.<br>Осыған байланысты 1-баптың 18) тармақшасын алып тастау ұсынылады. | |
| 8. | Заң жобасының 1-бабы 2-тармағы 1) тармақшасының жаңа тоғызыншы абзацы<br><br>*«Кемтар балаларды әлеуметтік және* | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар<br>Осы Заңда мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:<br>…<br>17) арнаулы білім | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:<br>«17) тармақшада «**консультациялар алуы,»** деген сөздерден кейін «**психологиялық - педагогикалық** | **Депутат А.Қ. Нуркина**<br>Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 9-бабы 4- | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 1-бабының 17) тармақшасы* | беру ұйымдары - кемтар балалардың диагностикасы және **консультациялар алуы**, оларды оқыту мен тәрбиелеу үшін құрылған ұйымдар: психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, оңалту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, балалар бақшалары, мектептер жанындағы логопедтік пункттер және басқа да ұйымдар; | | **қолдау,**» деген сөздермен толықтырылсын;»; | тармағының 2) тармақшасының жаңа редакциясына сәйкес келтіру мақсатында. | |
| 9. | Заң жобасының 1-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы<br><br>*«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының* | 4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті Қазақстан Республикасының Үкіметі:<br>…<br>**4) кемтар балаларға арналған мектепке дейінгі арнаулы тәрбие мен оқытудың және жалпы арнаулы білім берудің** | 2) 4-баптың 4) тармақшасы **алып тасталсын**; | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«2) 4-баптың 4) тармақшасы **алып тасталсын;»;** | **Заңнама бөлімі**<br>Заң техникасы. | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *4-бабының 4) тармақшасы* | **мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын әзірлеу, бекіту тәртібін белгілейді;** | | | | |
| 10. | Заң жобасының 1-бабы 2-тармағы 3) тармақшасының екінші абзацы<br><br>*«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 5-бабының 1) тармақшасы* | 5-бап. Азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>Азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті орган:<br>1) бала тууға көмектесетін мекемелерде, балалар емханаларында, алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету мекемелерінде «қатер» тобындағы балаларды барынша ертерек анықтау үшін скрининг ұйымдастыру және анықталған «қатер» тобындағы және кемтар балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға жіберу тәртібін | «1) **бала тууға көмектесетін мекемелерде, балалар емханаларында, алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету мекемелерінде** «қатер» тобындағы балаларды барынша ертерек анықтау үшін скрининг ұйымдастыру және анықталған «қатер» тобындағы балаларды және скрининг қорытындыларын психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға жіберу тәртібін белгілейді;»; | «**бала тууға көмектесетін мекемелерде, балалар емханаларында, алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету мекемелерінде**» деген сөздер «**босандыру қызметтерін көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінде (объектілерінде), алғашқы медициналық-санитариялық және (немесе) консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында**» деген сөздермен ауыстырылсын; | **Депутат Л.П. Павловец**<br>«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 33-бабына, 65-баптың 3-тармағының 3) тармақшасына, 233-бапқа сәйкес келтіру мақсатында редакциялық түзету.<br>Сонымен қоса, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға анықталған кемістіктері мен аурулары бар балалар жіберіледі.<br>**Қатер тобында** анықталған балаларды толық тексеруді және | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | белгілейді; | | | түпкілікті диагнозын нақтылауды талап етеді. | |
| 11. | Заң жобасының 1-бабы 2-тармағының 4) тармақшасы<br><br>*«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 6-бабының 1) және 3) тармақшалары* | 6-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>Білім беру саласындағы уәкілетті орган:<br>1) мектепке дейінгі арнаулы тәрбие мен оқытудың және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарын белгілейді;<br>…<br>3) кемтар балалар оқитын арнаулы сыныптардың (топтардың) шекті толымдылығын айқындайды; | **4) 6-бапта:**<br>**1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:**<br>**«1) білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын әзірлейді және бекітеді;»;**<br>3) тармақша алып тасталсын; | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>**«4) 6-баптың 1) және 3) тармақшалары алып тасталсын;»;** | **Заңнама бөлімі**<br>Білім берудің барлық деңгейіндегі мемлекеттік білім беру стандарттарын әзірлеу және бекіту «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының реттеу мәні болып табылмайды. Осы құзырет «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасында қаралды, | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | заң техникасы. | |
| 12. | Заң жобасының 1-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының жаңа төртінші абзацы<br><br>*«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 6-бабының 2) тармақшасы* | 6-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>Білім беру саласындағы уәкілетті орган:<br>…<br>2) **барлық білім беру ұйымдары** үшін арнаулы **білім беру** шарттарының бірыңғай принциптері мен нормативтерін айқындайды;<br>… | **Жоқ** | Мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:<br>**«2) білім алу үшін** арнаулы **шарттардың** бірыңғай қағидаттары мен нормативтерін айқындайды;»; | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыретін сақтау үшін және «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңның 1-бабының 16) тармақшасының жаңа редакциясына үйлестіру мақсатында. | **Қабыл-данды** |
| 13. | Заң жобасының 1-бабы 2-тармағының 5) тармақшасының жаңа бірінші және екінші абзацтары<br><br>*«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық* | 8-бап. Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының құзыреті<br>…<br>2. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:<br>…<br>3) алғашқы | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа бірінші және екінші абзацтармен толықтырылсын:<br>«__) 8-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:<br>«3) **босандыру қызметтерін көрсететін денсаулық сақтау** | **Депутат Л.П. Павловец**<br>Ұйымдардың атаулары «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 7.07.2020 жылғы ҚР Кодексінің 33-бабына; 65-баптың 3-тармағы 3) тармақшасына; | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 8-бабы 2-тармағының 3) тармақшасы* | медициналық-санитариялық көмек көрсету **мекемелерінде**, **балалар** емханаларында, әйелдерді **босандыру мекемелерінде** скрининг ұйымдастырады; | | **субъектілерінде (объектілерінде), алғашқы медициналық-санитариялық және (немесе) консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында** скрининг ұйымдастырады;»;<br><br>*(тармақтардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)* | 233-баптың 6-тармағына сәйкес келтіру | |
| 14. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 5) тармақшасының жаңа бесінші және алтыншы абзацтары<br><br>*«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы* | 8-бап. Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының құзыреті<br>…<br>2. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:<br>…<br>4) скрининг нәтижесінде анықталған «қатер» | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа бірінші және екінші абзацтармен толықтырылсын:<br>«__) 8-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:<br>«4) **скрининг нәтижелерін** және «қатер» тобындағы балаларды ата-аналарының немесе өзге де заңды | **Депутат С.Б. Мұсабаев**<br>«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 5-бабының 1) тармақшасының редакциясына сәйкес келтіру мақсатында. | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *қолдау туралы» ҚР Заңының 8-бабы 2-тармағының 4) тармақшасы* | тобындағы балаларды ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің келісімімен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға жіберуді қамтамасыз етеді; | | өкілдерінің келісімімен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға **жіберуді** қамтамасыз етеді;»;»; | | |
| 15. | Заң жобасының 1-бабы 2-тармағының 5) тармақшасы<br><br>*«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 8-бабы 2-тармағының 5) тармақшасы* | 8-бап. Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының құзыреті<br>…<br>2. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:<br>…<br>5) кемтар балаларды арнаулы білім беру ұйымдарында оқытуды ұйымдастырады және оларды басқа білім беру ұйымдарында оқыту үшін жағдай жасайды;<br>… | **5) 8-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:**<br>**«5) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды арнаулы білім беру ұйымдарында оқытуды ұйымдастырады және психологиялық-педагогикалық қолдауға мұқтаж балалар болған жағдайда, оларды басқа білім беру ұйымдарында оқыту үшін жағдай жасайды;»;** | 1-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы алып тасталсын;<br><br>*(тармақшалардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)* | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңның 1-бабы 2) тармақшасына сәйкес келтіру және «Білім туралы» Заңның 43-бабы 3-тармағының қабылданған 13-1) түзетуінің қайталануын болдырмау. Осыған байланысты осы норманы қолданыстағы | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | редакцияда қалдыру қажет. | |
| 16. | Жобаның 1-бабы 1-тармағы 6) тармақшасының жаңа екінші абзацы<br><br>*«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 9-бабының 1-тармағы* | 9-бап. Кемтар балаларға медициналық, арнаулы білім беру және арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін ұйымдар<br>…<br>1. Медициналық қызметтерді: ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан, ана мен баланы қорғау ұйымдары, **алғашқы медициналық-санитариялық көмек** көрсететін ұйымдар, **консультациялық-диагностикалық поликлиникалар**, **медициналық оңалту орталықтары** жүзеге асырады. | **Жоқ** | Мынадай мазмұндағы жаңа бірінші және екінші абзацтармен толықтырылсын:<br>«1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:<br>**«1. Медициналық қызметтерді профилактикалық, диагностикалық, емдеу, оңалту және паллиативтік бағыты бар денсаулық сақтау субъектілері көрсетеді.»;»;** | **Депутат С.Б. Мұсабаев**<br>«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 1-бабы 1-тармағы 181) тармақшасына сәйкес келтіру мақсатында. | **Қабыл-данды** |
| 17. | Заң жобасының 1-бабы 2-тармағы 6) тармақшасының жаңа бірінші және екінші абзацтары | 9-бап. Кемтар балаларға медициналық, арнаулы білім беру және арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа бірінші және екінші абзацтармен толықтырылсын:<br>«3-тармақтағы **«арнаулы түзеу** | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>«Білім туралы» Заңның 1-бабы 21) және 42-1) тармақшаларының | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 9-бабының 3-тармағы* | ұйымдар<br>…<br>3. Кемтар балаларға арналған арнаулы білім беру қызметтерін Қазақстан Республикасының білім беру туралы заңдарында белгіленген тәртіппен арнаулы ұйымдар: психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, оңалту орталықтары, логопедтік пункттер, балалар бақшалары және басқа да **арнаулы түзеу ұйымдары** көрсетеді. | | **ұйымдары»** деген сөздер **«білім беру ұйымдары»** деген сөздермен ауыстырылсын; | жаңа редакцияларына сәйкес келтіру мақсатында.<br>Қазіргі уақытта практикада балабақшалар мен жалпы білім беретін мектептер арнайы топтар мен сыныптар шеңберінде арнайы оқу бағдарламаларын іске асыруда. | |
| 18. | Заң жобасының 1-бабы 2-тармағы 6) тармақшасының үшінші абзацы<br><br>*«Кемтар балаларды* | 9-бап. Кемтар балаларға медициналық, арнаулы білім беру және арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін ұйымдар<br>… | 1) балалардың ерекше білім берілуіне қажеттілігін бағалау мақсатында терең әрі кешенді тексеру; | орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді. | **Заңнама бөлімі**<br>«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 19-4) | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 9-бабы 4-тармағының 1) тармақшасы* | 4. Арнаулы білім беру қызметтерін көрсетуге:<br>1) балалардың ақыл-ой жағынан даму ерекшеліктерін анықтау және оқыту мен тәрбие берудің түрі мен нысанын таңдау үшін олардың мүмкіндіктерін айқындау мақсатымен оларды тереңдетілген және кешенді тексеру; | | | тармақшасына сәйкес (Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының тоғызыншы абзацы). | |
| 19. | Заң жобасының 1-бабы 2-тармағы 6) тармақшасының төртінші абзацы<br><br>*«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 9-бабы 4-тармағының 2) тармақшасы* | 9-бап. Кемтар балаларға медициналық, арнаулы білім беру және арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін ұйымдар<br>…<br>4. Арнаулы білім беру қызметтерін көрсетуге:<br>…<br>2) кемтар сәби, мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балаларды психологиялық-педагогикалық жағынан түзеу, оқыту мен тәрбиелеу; | 2) **ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғаларды** (балаларды) арнайы психологиялық-педагогикалық **қолдау;** | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«2) **мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы** психологиялық-педагогикалық **қолдау**»; | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының жаңа жиырма бірінші және жиырма екінші абзацтарымен және тақырыбымен үйлестіру мақсатында.<br>«Кемтар балаларды | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | … | | | әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңның 1-бабы 2) тармақшасына сәйкес келтіру мақсатында. Редакциясын нақтылау | |
| 20. | Заң жобасының 1-бабы 2-тармағы 6) тармақшасының бесінші абзацы<br><br>*«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 15-бабы 3-тармағының 3) тармақшасы* | 9-бап. Кемтар балаларға медициналық, арнаулы білім беру және арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін ұйымдар<br>…<br>4. Арнаулы білім беру қызметтерін көрсетуге:<br>...<br>3) еңбекке баулу, кәсіби диагностика;<br>... | **3) бейімделген, арнайы және (немесе) арнайы жеке (топтық, шағын топтық) оқу бағдарламалары және жоспарлары бойынша** оқыту және тәрбиелеу.»; | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>**«3) арнайы оқу бағдарламалары бойынша** оқыту және тәрбиелеу;»; | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>«Білім туралы» Заңның 19-бабына енгізілген өзгерістерге үйлестіру мақсатында | **Қабыл-данды** |
| 21. | Заң жобасының 1-бабы 2-тармағы 6) | 9-бап. Кемтар балаларға медициналық, арнаулы | «4. Арнайы білім беру қызметтерін көрсетуге:<br>... | Мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын: | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>Осы заңнамамен | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тармақшасының жаңа алтыншы абзацы<br><br>*«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 9-бабы 4-тармағының 4) тармақшасы* | білім беру және арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін ұйымдар<br>…<br>4. Арнаулы білім беру қызметтерін көрсетуге:<br>…<br>4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру;<br>5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де қызметтер көрсету жатады. | **4) жоқ** | «**4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де қызметтер көрсету жатады.»;** | реттелмейтін арнайы білім беру қызметтері үшін. | |
| 22. | Заң жобасының 1-бабы 2-тармағының 7) тармақшасы<br><br>*«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 10-бабы* | 10-бап. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар<br>1. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар **кемтар балаларды** әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдауды, айғақтамаларын | **7) 10-бап алып тасталсын;** | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«7) 10-бапта:<br>1-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:<br>«1. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация **балаларды** зерттеп-қарау мен консультация беруді, ерекше білім беру қажеттіліктері мен | **Депутаттар С.Б. Мұсабаев Ж.Ә. Омарбекова**<br>Бұл норманы қолданыстағы «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңда сақтау қажет. «Білім туралы» Заңның 1-б. жаңа 50-5) | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | анықтауды, оларға білім берудің түрі **мен нысандарын** айқындауды, **оларды оңалтудың жеке бағдарламасын жасау** мақсатында диагностика және психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер болып табылады. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қызметін ұйымдастыру азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органдармен келісе отырып білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін ережелермен айқындалады. 2. Психологиялық-медициналық- | | арнайы жағдайларын бағалауды, білім беру бағдарламасын айқындауды жүзеге асыратын, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі **балаларды** арнайы психологиялық-педагогикалық **қолдауға** жіберетін білім беру ұйымдары болып табылады.»; 2-тармақтағы **«түзеу»** деген сөз **«білім беру»** деген сөздермен ауыстырылсын;»; | тармақшасына сәйкес келтіру мақсатында. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңның тақырыбына және 1-баптың 2) тармақшасына сәйкес келтіру мақсатында. Редакциялық түзету. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | педагогикалық консультациялар кемтар балаларды арнаулы **түзеу** ұйымдары мен басқа да ұйымдарға **медициналық, арнаулы білім және арнаулы әлеуметтік қызметтерді алуы үшін** ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің келісімімен ғана жібереді. | | | | |
| 23. | Заң жобасының 1-бабы 2-тармағының жаңа __) тармақшасы<br><br>*«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 14-бабының 3-тармағы* | 14-бап. Кемтар балаларды еңбекке даярлау және оларға кәсіби білім беру<br>…<br>3. Кемтар балаларға техникалық және кәсіптік білім беру арнаулы білім беру ұйымдарында, **арнаулы түзеу ұйымдарында** жүзеге асырылады. | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа __) тармақшамен толықтырылсын:<br>«__) 14-баптың 3-тармағындағы **«, арнаулы түзеу ұйымдарында»** деген сөздер алып тасталсын;»;<br><br>*(тармақшалардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)* | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>«Білім беру туралы» Заңның 40-бабы 4-тармағы 8) тармақшасына және «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 1-бабы 17) тармақшасына сәйкес келтіру мақсатында. | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 24. | Жобаның 1-бабы 2-тармағының жаңа __) тармақшасы<br><br>*«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 15-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы* | 15-бап. Баланың білім алуға құқығы<br>1. Кемтар балалардың:<br>...<br>2) **мемлекеттік медициналық ұйымдарда,** психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда немесе медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдерінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тегін тексерілуге және тегін медициналық көмек алуға; | **Жоқ** | Мынадай мазмұндағы жаңа __) тармақшамен толықтырылсын:<br>«__) 15-баптың 1-тармағының 3-тармақшасындағы «**мемлекеттік медициналық ұйымдарда,**» деген сөздер **«денсаулық сақтау субъектілерінде»** деген сөздермен ауыстырылсын;»; | **депутат С.Б. Мұсабаев**<br>«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңының 5-бабының 1) тармақшасына, 8-бабы 2-тармағы 3) тармақшасына, 10-бабы 1-тармағы сондай-ақ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінің 63-бабының бірінші бөлігіне енгізілетін түзетулерге сәйкес келтіру мақсатында. | **Қабыл-данды** |
| 25. | Заң жобасының 1-бабы 2-тармағының жаңа __) тармақшасы<br><br>*«Кемтар балаларды* | 15-бап. Баланың білім алуға құқығы<br>1. Кемтар балалардың:<br>...<br>5) психологиялық-медициналық-педагогикалық | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы __) жаңа тармақшамен толықтырылсын:<br>«__) 15-баптың 1-тармағындағы:<br>5) тармақшадағы **«жалпы білім беретін оқу орындарында»** | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>«Білім туралы» Заңға үйлестіру мақсатында | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңының 15-бабы 1-тармағының 5) және 6) тармақшалары* | консультациялардың қорытындысына сәйкес арнаулы білім беру ұйымдарында немесе мемлекеттік **жалпы білім беретін оқу орындарында** тегін мектепалды және жалпы орта білім алуға;<br>6) мемлекеттік **оқу орындарында** мемлекеттік білім беру бағдарламалары шегінде конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім алуға; | | деген сөздер **«білім беру ұйымдарында»** деген сөздермен ауыстырылсын;<br>6) тармақшадағы **«оқу орындарында»** деген сөздер **«білім беру ұйымдарында»** деген сөздермен ауыстырылсын. | | |
| **2. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы** | | | | | | |
| 26. | Заң жобасының 1-бабы 3-тармағының 1) тармақшасы<br><br>*Баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасы Заңының* | 15-бап. Баланың білім алуға құқығы<br>…<br>3. Арнаулы педагогикалық тәрбиені қажет ететін кемтар балаларға мемлекеттік бюджеттен белгіленген стандарттар деңгейінде олардың білім алуына кепілдік беретін | **1) 15-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:**<br>**«3. Білім беруге қажеттіліктерінің бағалауына сәйкес арнайы педагогикалық тәрбиені қажет ететін ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға мемлекеттік бюджеттен белгіленген стандарттар деңгейінде** | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«1) 15-баптың 3-тармағында **«Арнаулы»** деген сөз **«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға сәйкес арнаулы»** деген сөздермен ауыстырылсын». | **Заңнама бөлімі**<br>Заң техникасы,<br>«Білім туралы» Заңның 1-бабының 19-4) тармақшасына сәйкес<br>(Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 1) | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *15-бабының 3-тармағы* | қосымша қаражат береді. | **олардың білім алуына кепілдік беретін қосымша қаражат береді.»;** | | тармақшасының тоғызыншы абзацы). | |
| 27. | Заң жобасының 1-бабы 3-тармағының 2) тармақшасы<br><br>*«Баланың құқықтары туралы» ҚР Заңының 30-бабы 1-тармағының екінші абзацы* | 30-бап. Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияны жүзеге асыратын ұйымдар<br>1. Туғаннан үш жасқа дейінгі жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, туғаннан төрт жасқа дейінгі психикасының және дене бітімінің дамуында кемістігі бар балаларға арналған, баладан бас тарту қаупі бар отбасыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарына туғаннан үш (төрт) жасқа дейінгі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар | **2) 30-баптың 1-тармағынының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:**<br>**«Девиантты мінез-құлықты балаларға арналған білім беру ұйымына он бір жастан он сегіз жасқа дейінгі девиантты мінез-құлықты балалар орналастырылады.»** | 1-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын; | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>«Арнайы білім беру ұйымы» термині қолданыстағы заңнамада қолданылатындық-тан артық тәптіштеу.<br>«Білім туралы» Заңның 40-бабы 4-тармағының 8) тармақшасына сәйкес арнаулы ұйымдар білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары түрлерінің бірі болып табылады.<br>«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қабылданады. Туғаннан үш жасқа дейінгі жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, туғаннан төрт жасқа дейінгі психикасының және дене бітімінің дамуында кемістігі бар балаларға арналған, баладан бас тарту қаупі бар отбасыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарында балаларды уақытша күтіп-бағу үшін арнаулы бөлімше ашылады.<br>Арнаулы білім беру ұйымдарына он бір жастан он сегіз жасқа дейінгі девиантты мінез-құлықты балалар орналастырылады. | | | ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР 01.04.2019ж. Заңының бағыттарының бірі арнайы білім беру ұйымдарында ұсталатын балаларды стигматизациялау-ды болдырмау бөлігінде халықаралық талаптарды орындау болып табылды. Осыған байланысты «девиантты мінез-құлықты балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдары» атауынан «девиантты мінез-құлықты балаларға арналған» деген сөздер алып тасталды. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **___(жаңа). «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы** | | | | | | |
| 28. | Заң жобасының 1-бабының жаңа __-тармағы<br><br>*«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» ҚР Заңының 9-бабының 3-тармағы* | 9-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>Білім беру саласындағы уәкілетті орган:<br>...<br>3) мүгедектерді оқытуды жүзеге асыратын арнаулы білім беру ұйымдарының білім беру қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және бекітеді; | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы __ тармақпен толықтырылсын:<br>«__. «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>**9-баптың 3) тармақшасы алып тасталсын.».**<br><br>*(тармақтардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)* | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>Бұл норма білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың кепілдіктері мен қағидаттарына қайшы келеді. Мүгедек адамдар арнаулы білім беру ұйымдарында ғана емес, жалпы үлгідегі басқа да білім беру ұйымдарында оқиды.<br>Соған қоса, «Білім беру туралы» Заңның 5-бабының 11-1) тармақшасында коллизияларды болдырмау мақсатында «Қазақстан Республикасында | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңның 9-бабы 3) тармақшасын алып тастау қажет. | |
| 29. | Заң жобасының 1-бабының жаңа 4-тармағы<br><br>*«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» ҚР Заңының 29-бабының 5-тармағы* | 29-бап. білім алуы және мектепке дейінгі тәрбие алуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету<br>...<br>5. **Жалпы үлгідегі мектепке дейінгі ұйымдарда және орта білім ұйымдарында болуына денсаулық жағдайы мүмкіндік бермейтін мүгедек балалар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен балалар бақшалары мен басқа да арнаулы түзеу ұйымдары құрылады.** | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы __ тармақпен толықтырылсын:<br>«__. «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:<br>**29-баптың 5-тармағы алып тасталсын.».**<br><br>*(тармақтардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)* | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>Осы норма «Білім беру туралы» Заңның 6-бабы 2-тармағының 6) тармақшасына сәйкес келмейді. Осыған байланысты бұл норманы алып тастау қажет.<br>Сонымен қатар, арнайы білім беру ұйымдары мүмкіндігі шектеулі балалар үшін құрылады. | **Қабыл-данды** |
| **4. «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы** | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 30. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының бірінші абзацы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңы 1-бабының 7-4) тармақшасы* | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br>...<br>7-4) білім алу үшін арнайы жағдайлар – ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) оларсыз жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнайы оқу бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілігін, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар; | **1) 1-бап мынадай мазмұндағы 7-4) тармақшамен толықтырылсын:** | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>**«1) 1-бапта:»;** | **Заңнама бөлімі**<br>Заң техникасы | **Қабыл-данды** |
| 31. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының екінші абзацы | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар | «7-4) білім алу үшін арнайы жағдайлар – ерекше білім берілуіне **қажеттілігі** бар адамдардың (балалардың) | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«7-4) білім алу үшін арнайы жағдайлар – | **Депутат Д.Н. Назарбаева** | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *«Білім туралы» ҚР Заңы 1-бабының 7-4) тармақшасы* | Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br>...<br>7-4) білім алу үшін арнайы жағдайлар – ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) оларсыз жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнайы оқу бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілігін, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар; | оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, **арнайы** оқу **бағдарламаларын** және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, **арнайы** психологиялық-педагогикалық қолдауды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар;»; | ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдардың (балалардың) білім беру бағдарламаларын меңгеруі оларсыз мүмкін болмайтын оқу, **сондай-ақ арнайы жеке-дамыту және түзету-дамыту** бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдауды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар;»; | «Білім туралы» ҚР Заңына түзетулерге сәйкес келтіру<br>- салыстырма кестенің 7, 8, 10, 34, 35-тармақтары (1-баптың 21) тармақшасы, 14, 19-баптар).<br>Себебі 14-баптың 2-тармағының жаңа төртінші бөлігіне сәйкес мүмкіндіктері шектеулі адамдар (балалар) үшін арнайы оқу бағдарламалары әзірленеді. | |
| 32. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының үшінші, оныншы, он екінші, он | | **1-баптың** 19-3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:<br>…<br>**1-баптың** 21) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: | 1-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының үшінші, оныншы, он екінші, он төртінші және он алтыншы | **Заңнама бөлімі**<br>Заң техникасы | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | төртінші, он алтыншы абзацтары<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңы 1-бабының 19-3), 21), 42-1), 45), 49-2) тармақшалары* | | …<br>**1-баптың** 42-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:<br>...<br>**1-баптың** 45) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:<br>...<br>**1-баптың** 49-2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: | абзацтарындағы **«1-баптың»** деген сөздер алып тасталсын; | | |
| 33. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының төртінші – жетінші абзацтары<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңы 1-бабының 19-3) тармақшасы* | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br>…<br>19-3) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) – денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін адамдар; | «19-3) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар (балалар) – тиісті деңгейдегі білім алу үшін және қосымша білім алу үшін мыналардың салдарынан арнайы жағдайларда тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар):<br>**– даму мүмкіндіктері шектелген (көру, есту, сөйлеу, зерде, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған);**<br>**– мінез-құлық және эмоциялық проблемалары бар;**<br>**– орта факторлары (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени, соматикалық** | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«19-3) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) – тиісті деңгейде білім алу үшін және қосымша **білім алу** үшін арнайы жағдайларда тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар);»; | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>Санаттарға бөлу заңға тәуелді актілерде регламенттелетін болады. Осыған байланысты соңғы үш абзацты алып тастау ұсынылады. | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **денсаулық) проблемалары бар**;»; | | | |
| 34. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының тоғызыншы абзацы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңы 1-бабының жаңа 19-4) тармақшасы* | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br>…<br>19-4) жоқ; | «19-4) ерекше білім берілуіне қажеттілігін бағалау – **білім беру саласындағы уәкілетті орган әзірлеген** критериийлерге сәйкес білім алушының, **тәрбиеленушінің ерекше білім берілуіне** қажеттілігінің **деңгейін** анықтау;»; | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«19-4) ерекше білім беру қажеттілігін бағалау – білім алу үшін қажетті **арнайы** жағдайларды анықтау;»; | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>Балалардың ерекше білім алу қажеттіліктерінің деңгейі немесе көлемі оқу бағдарламасының қарапайым бейімделуінен бастап (мысалы, сөйлеу қабілеті бұзылған, психикалық дамуы тежелген балалар үшін) техникалық құралдарды, оқытушы-ассистенттердің сүйемелдеуін, жеке сабақтарды ұйымдастыруды қоса алғанда, арнайы психологиялық-педагогикалық жағдайлардың тұтас кешеніне дейін (мысалы, | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | церебральды сал ауруы бар балалар үшін, жеке бұзылулар, аутизм спектрінің бұзылуы және т.б.) әртүрлі. Осыған байланысты «деңгей» сөзін алып тастау ұсынылады. «Критерий» сөзін белгі, негіз ретінде қолдану, бір нәрсені қойылған талаптарға сәйкестігін бағалау туралы шешім қабылдау қағидасы осы норманың іске асырылуын тарылтады, осыған байланысты «ерекше білім беру қажеттілігін бағалау қағидалары» деген сөзбен ауыстыру ұсынылады. Бұл бағалау кезінде норманы кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Яғни, бағалау қағидалары бағалау критерийлерін ғана емес, сонымен қатар бағалау әдістерін, бағалауды өткізу кезеңділігін және т. б. қамтитын болады.<br>Редакциялық түзету.<br>Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының екінші абзацымен үйлестіру мақсатында «Білім туралы» Заңның 1-бабының 7-4) тармақшасы). | |
| 35. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының он бірінші абзацы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңы 1-бабының 21) тармақшасы* | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br>…<br>21) жалпы білім беретін мектеп – **бастауыш**, негізгі орта және жалпы **орта** | «21) жалпы білім беретін мектеп – білім алушылар мен тәрбиеленушілерге бастауыш, негізгі орта және жалпы **орта білімнің жалпы білім беретін** оқу бағдарламаларын, сондай-ақ қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын **оқу орны. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін психологиялық-** | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>21) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:<br>«21) жалпы білім беретін мектеп – білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын, | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>Жалпы білім беретін мектеп орта білім беру ұйымдарының бір түрі болып табылады және демек «білім беру ұйымы» деген ұғым қолданылуы тиіс. | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **білімнің** жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын **оқу орны**; | **медициналық-педагогикалық консультация ұсынымдарына сәйкес бейімделген, арнайы оқу бағдарламалары және арнайы жеке (топтық, шағын топтық) оқу бағдарламалары іске асырылады;»;** | бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, **арнайы оқу мен жеке-дамыту бағдарламаларын**, сондай-ақ қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын **білім беру ұйымы**;»; | Бұдан басқа, «Білім туралы» ҚР Заңының ұғым аппаратында бірыңғай стилистиканы қолдану мақсатында «білім беру ұйымы» деген сөздерді пайдалану ұсынылады.<br>Жеке дамыту бағдарламаларын енгізу бөлігінде «Білім туралы» Заңның 43-бабының жаңа редакциясына үйлестіру мақсатында.<br>Редакциясын жақсарту мақсатында. | |
| 36. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының он үшінші абзацы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңы 1-бабының 42-1) тармақшасы* | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br>…<br>42-1) мектепке дейінгі ұйым – мектепке дейінгі **тәрбие мен** | **«42-1) мектепке дейінгі ұйым – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін, бейімделген, арнайы оқу бағдарламаларын, сондай-ақ психологиялық-медициналық-педагогикалық ұсынымдарына сәйкес арнайы жеке (топтық, шағын топтық) дамыту** | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«42-1) тармақша **«арнайы оқу бағдарламаларын»** деген сөздерден кейін **«, жеке-дамыту бағдарламаларын»** деген сөздермен толықтырылсын;»; | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>«Білім туралы» Заңның 43-бабына енгізілетін өзгерістерге үйлестіру мақсатында | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **оқытудың** жалпы білім беретін, арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы; | **бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы;»;** | | | |
| 37. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының он бесінші абзацы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңы 1-бабының 45) тармақшасы* | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br>…<br>45) мемлекеттік білім беру тапсырысы - мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, **орта білім беру**, балаларға қосымша білім беру жөнінде, экономиканың қажеттілігін қамтамасыз ету, білікті жұмыс күші мен қоғамның зияткерлік әлеуетін молықтыру үшін кадрларды даярлау, білікті жұмыскерлер мен мамандардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау жөнінде, сондай-ақ білім беру жүйесін оқу- | **«45) мемлекеттік білім беру тапсырысы – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта білім беру, мүмкіндігі шектеулі адамдарға (балаларға) арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау, экономиканың қажеттілігін қамтамасыз ету, білікті жұмыс күші мен қоғамның зияткерлік әлеуетін толықтыру үшін кадрларды даярлау, білікті жұмыскерлер мен мамандардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау жөнінде, сондай-ақ білім беру жүйесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жөнінде мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсетулер көлемі;»;** | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«45) тармақшада **«орта білім беру»** деген сөздерден кейін **«, мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау»** деген сөздермен толықтырылсын;»; | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>Заң техникасы. | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | әдістемелік қамтамасыз ету жөнінде мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсетулер көлемі; | | | | |
| 38. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының он жетінші абзацы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңы 1-бабының 49-2) тармақшасы* | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br>…<br>49-2) орта білім беру ұйымы – бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің **жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын,** мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы; | «49-2) орта білім беру ұйымы – бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің **жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беретін, бейімделген, арнайы оқу бағдарламаларын, сондай-ақ арнайы жеке (топтық, шағын топтық) оқу бағдарламаларын** іске асыратын білім беру ұйымы;»; | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«49-2) тармақшадағы **«бастауыш»** деген сөздің алдынан **«мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың,»** деген сөздермен толықтырылсын»;»; | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>«Білім туралы» Заңның 19-бабына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға үйлестіру мақсатында | **Қабыл-данды** |
| 39. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының он сегізінші және он тоғызыншы абзацтары<br><br>*Білім туралы* | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br>… | **мынадай мазмұндағы 50-3) тармақшамен толықтырылсын**:<br>**«50-3) арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау – білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде дамудың жеке** | 1-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының он сегізінші және он тоғызыншы абзацтары алып тасталсын; | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>Заң техникасы. 1-баптың жаңа 50-4) тармақшасының жазылуын ескере отырып және | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *ҚР Заңы 1-бабының 50-3) тармақшасы* | 50-3) резидент-дәрігер - резидентураның білім беру бағдарламасы шеңберінде білім алатын және тәлімгердің қадағалауымен медициналық ұйымда жұмыс істейтін дәрігер; | **бағдарламасымен көзделген ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) білім беру процесін ұйымдастыру бойынша шаралардың кешенді жүйесі;»;** | | 50-3) тармақшасына байланысты «Білім туралы» Заңда басқа ұғым көзделген. | |
| 40. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының жаңа жиырмасыншы және жиырма бірінші абзацтары<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңы 1-бабының жаңа __) тармақшасы* | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br>…<br>__) жоқ; | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа жиырмасыншы және жиырма бірінші абзацтармен толықтырылсын:<br>«мынадай мазмұндағы ___) тармақшамен толықтырылсын:<br>«__) **психологиялық-педагогикалық қолдап отыру – білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) табысты** | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>Психологиялық-педагогикалық қолдауға мұқтаж контингентті кеңейтуді көздейтін «Білім туралы» Заңның 1-бабы 7-4) тармақшасының жаңа редакциясына байланысты. | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет;»;**<br><br>*(ұғым қазақ тілінде әліпби тәртібімен жазылсын.)* | | |
| 41. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының жаңа жиырма бірінші және жиырма екінші абзацтары<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңы 1-бабының жаңа ___) тармақшасы* | 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар<br>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:<br>…<br>**___) Жоқ;** | **___) Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа жиырма бірінші және жиырма екінші абзацтармен толықтырылсын:<br>«мынадай мазмұндағы __) тармақшамен толықтырылсын:<br>**«__) мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау – қызметтің қандай да бір түрін орындауға қабілетін қалпына келтіруге немесе оның орнын толтыруға бағытталған** | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 2) тармақшасының жаңа он екінші және он үшінші абзацтарына үйлестіру мақсатында | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **қызметтер мен іс-шаралар кешені;».**<br><br>*(ұғым қазақ тілінде әліпби тәртібімен жазылсын.)* | | |
| 42. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 2) тармақшасының бірінші абзацы | 5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>Білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді орындайды:<br>… | 2) **5-бапта:** | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>**«2) 5-баптың бірінші бөлігі:»;** | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>Заң техникасы. | **Қабыл-данды** |
| 43. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 2) тармақшасының екінші - жетінші абзацтары<br><br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңы 5-бабының бірінші бөлігінің 9) тармақшасы* | 5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>Білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді орындайды:<br>…<br>9) ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мыналарды:<br>мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, | **9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:**<br>**«9) ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мыналарды:**<br>– **мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын;**<br>– **мамандандырылған білімнің мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын;** | 1-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының екінші - жетінші абзацтары алып тасталсын; | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>«Білім туралы» Заңның 19-бабына енгізілетін өзгерістерге сәйкес келтіру мақсатында. | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын;<br>мамандандырылған білімнің мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын;<br>арнайы білімнің арнайы оқу бағдарламаларын;<br>әскери, арнаулы оқу орындарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды жүргізеді;<br>... | – **бейімделген, арнайы оқу бағдарламаларын;**<br>– **әскери, арнаулы оқу орындарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырып жатқан білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды жүргізеді;»;** | | | |
| 44. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 2) тармақшасының сегізінші абзацы<br><br>*«Білім туралы»* | 5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>Білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа сегізінші абзацпен толықтырылсын:<br>«11) тармақшада «**бастауыш»** деген сөздің алдынан | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>«Білім туралы» Заңның 1-бабы 21) тармақшасына сәйкес келтіру. | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *ҚР Заңы 5-бабы бірінші бөлігінің 11) тармақшасы* | өкілеттіктерді орындайды:<br>…<br>11) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын **іске асыратын** білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын әзірлейді және бекітеді; | | **«мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын,»** деген сөздермен толықтырылсын;»; | | |
| 45. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 2) тармақшасының сегізінші абзацы | | **5-бап** мынадай мазмұндағы **11-2),** 11-3), 11-4) тармақшалармен толықтырылсын: | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>**«мынадай мазмұндағы 11-3) және 11-4) тармақшалармен толықтырылсын:»;** | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>Заң техникасы. | **Қабыл-данды** |
| 46. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 2) тармақшасының тоғызыншы абзацы | 5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті | **«11-2)** білім беру ұйымдарында **ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды (балаларды)** | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>**«11-2) білім беру ұйымдарында** | **Депутаттар Д.Н. Назарбаева, Ж.Ә. Омарбекова** | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *«Білім туралы» ҚР Заңының 5-бабының бірінші бөлігнің жаңа 11-2) тармақшасы* | Білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді орындайды:<br>…<br>**11-2) жоқ;** | арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау туралы **ережені** әзірлейді және бекітеді; | **психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидасын** әзірлейді және бекітеді;»; | «Құқықтық актілер туралы» Заңның 1-бабының 2) тармақшасына сәйкес ереже – қандай да бір мемлекеттік органның мәртебесі мен өкілеттіктерін айқындайтын нормативтік құқықтық акт.<br>Редакциялық түзету, заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының жаңа он тоғызыншы және жиырмасыншы абзацтарымен психологиялық-педагогикалық қолдау білім беру ұйымдарында жүзеге асырылатыны көзделген. Заң техникасы. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 47. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 2) тармақшасының оныншы абзацы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңы 5-бабының бірінші бөлігінің жаңа 11-3) тармақшасы* | 5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>Білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді орындайды:<br>…<br>**11-3) жоқ;** | «11-3) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау **критерийлерін** әзірлейді және бекітеді; | **«критерилерін»** деген сөз **«қағидаларын»** деген сөзбен ауыстырылсын; | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>«Білім туралы» ҚР Заңының 1-бабы 19-4) тармақшасына енгізілетін өзгерістерге сәйкес келтіру. | **Қабыл-данды** |
| 48. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 2) тармақшасының он бірінші абзацы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңы 5-бабының бірінші бөлігінің жаңа 11-4) тармақшасы* | 5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>Білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді орындайды:<br>…<br>**11-4) жоқ;** | **«11-4) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың тексеру және консультация беру хаттамаларын әзірлейді және бекітеді;»;** | 1-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының он бірінші абзацы алып тасталсын; | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>«Білім туралы» Заңның түзетулерінің жаңа редакциясына және 43-бабына ауыстырылуына байланысты. | **Қабыл-данды** |
| 49. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 2) тармақшасының жаңа он екінші абзацы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңы 5-бабы бірінші бөлігінің жаңа 19-1)* | 5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>Білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді орындайды:<br>…<br>19-1) **мектепке дейінгі**, бастауыш, | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа он екінші абзацпен толықтырылсын:<br>«19-1) тармақшадағы «**мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу** | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>«Білім туралы» Заңның 1-бабы 42-1) тармақшасының жаңа редакциясына сәйкес келтіру мақсатында. | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *тармақшасы* | негізгі орта және жалпы орта білімнің **жалпы білім беретін оқу бағдарламалары**н, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оқулықтарға және оқу-әдістемелік кешендеріне қажеттілігін болжау әдістемесін әзірлейді және бекітеді; | | **бағдарламаларын,»** деген сөздер **«мектепке дейінгі жалпы білім беретін оқу бағдарламалары**н, **мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын**» деген сөздермен ауыстырылсын;»; | | |
| 50. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 2) тармақшасының жаңа он үшінші абзацы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңы 5-бабы бірінші бөлігінің 35) тармақшасы* | 5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>Білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді орындайды:<br>…<br>35) еңбек жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға **конкурстық** | **Жоқ.** | мынадай мазмұндағы жаңа __) тармақшамен толықтырылсын<br>«__) 5-баптың 35) тармақшасындағы «**конкурстық**» деген сөз алып тасталсын;»; | **Әлеуметтік-мәдени даму комитеті**<br>Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидаларында мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы және педагог лауазымына орналасуға конкурстық іріктеуді | **Қабыл-данды**<br><br>*ҚР Үкіметінен оң қорытынды алынды* (13.04.2021ж № 21-06/1741 зж) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тағайындау, лауазымынан босату қағидаларын әзірлейді және бекітеді; | | | айқындау ұсынылады. | |
| 51. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 2) тармақшасының жаңа он төрінші және он бесінші абзацтары<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңы 5-бабының бірінші бөлігінің жаңа 43-4) тармақшасы* | 5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>Білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді орындайды:<br>…<br>**43-4) жоқ;** | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа он төрінші және он бесінші абзацтармен толықтырылсын:<br>«мынадай мазмұндағы 43-4) тармақшамен толықтырылсын:<br>**«__) мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;»;** | **Депутаттар С.Б. Мұсабаев Ж.Ә. Омарбекова**<br>«Білім туралы» Заңның 5-бабы екінші бөлігінің жаңа редакциясына сәйкес келтіру. | **Қабыл-данды** |
| 52. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 2) тармақшасының жаңа он алтыншы және он сегізінші абзацтары | 5-бап. Білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті<br>Білім беру саласындағы уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа он алтыншы және он сегізінші абзацтармен толықтырылсын:<br>**«5-бапта:**<br>**екінші бөлікте** | **Депутаттар Ғ.М. Әміреев Ж.Ә. Омарбекова**<br>Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы әскери, | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *«Білім туралы» ҚР Заңы 5-бабының екінші бөлігі* | орындайды:<br>…<br>Білім беру саласындағы уәкілетті органның осы баптың бірінші бөлігінің 4), 4-1), 6), 8-1), 8-3), 11), **11-1)**, 13), 14), 14-1), 14-2), 16), 19), 25), 27), 34), 38), 38-1), 38-2), **43-2)**, 44-3), 44-5), 46-11), 46-17), 46-18), 46-19) және 46-20) тармақшаларында көзделген өкілеттіктері әскери, арнаулы оқу орындарына және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты жанындағы Сот төрелігі академиясына (бұдан әрі – Сот төрелігі академиясы) қолданылмайды. | | **«11-1)» деген цифрлардан кейін «11-3), 11-4),» деген цифрлармен толықтырылсын;**<br>**«43-2),» деген цифрлардан кейін «43-4),» деген цифрлармен толықтырылсын;** | арнаулы оқу орындары мен сот төрелігі академиясының қызметі мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді іске асыруды көздемейді. | |
| 53. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 3) тармақшасының екінші абзацы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңы 6-бабы* | 6-бап. Білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті<br>…<br>2. Облыстың жергілікті атқарушы органы: | «3) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарға (балаларға) білім беру үшін білім беру ұйымдарында **әмбебап дизайн және/немесе орынды орналастыру принциптерін ескеріп**, мемелекеттік құрылыс | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«3) ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) оқытуды, **оларға білім алу үшін білім беру ұйымдар-ында** әмбебап дизайн | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>«Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы» 2015 жылғы 20 | **Қабыл-данды** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *2-тармағының 3) тармақшасы* | … 3) балаларды арнайы оқу бағдарламалары бойынша оқытуды қамтамасыз етеді; | нормаларына және стандарттарына сәйкес білім беру ұйымдары ғимараттарының, құрылыстарының, үй-жайларының қолжетімділігін **ескере отырып**, арнайы жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді;»; | және (немесе) орынды орналастыру қағидаттарын ескере отырып, арнайы жағдайлар жасауды, мемелекеттік құрылыс нормаларына және стандарттарына сәйкес білім беру ұйымдары ғимараттарының, құрылысжайларының және үй-жайларының қолжетімділігін қамтамасыз етеді;»; | ақпандағы № 288-V Заңына сәйкес осы Конвенцияның мақсаттары үшін: «мүгедектік белгісі бойынша кемсіту» мақсаты немесе нәтижесі саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық немесе кез келген өзге саладағы адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын басқалармен тең дәрежеде тануды, іске асыруды немесе жүзеге асыруды төмендету немесе теріске шығару болып табылатын, мүгедектік себебі бойынша кез келген айырмашылықты, алып тастауды немесе шектеуді білдіреді. Ол кемсітудің барлық нысандарын, оның ішінде ақылға | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қонымды бейімделуден бас тартуды қамтиды; «ақылға қонымды бейімдеу» мүгедектердің адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын басқалармен тең дәрежеде іске асыруын немесе жүзеге асыруын қамтамасыз ету мақсатында мөлшерлес емес немесе ақталмаған ауыртпалыққа айналмайтын, нақты жағдайда қажет болған кезде қажетті және қолайлы модифи кациялар мен түзетулер енгізуді білдіреді; «әмбебап дизайн» дегеніміз- бейімделу немесе арнайы дизайнды қажет етпестен, оларды барлық | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | адамдар үшін қолдануға болатын етіп жасауға арналған заттардың, жиһаздардың, бағдарламалар мен қызметтердің дизайнын білдіреді. «Әмбебап дизайн» ассистивті құрылғыларды жоққа шығармайды қажет болған жағдайда мүгедектердің нақты топтарына арналған. | |
| 54. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 3) тармақшасының жаңа үшінші және төртінші абзацтары<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңы 6-бабы 2-тармағының жаңа 8-5) тармақшасы* | 6-бап. Білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті<br>…<br>2. Облыстың жергілікті атқарушы органы:<br>…<br>**8-5) жоқ;** | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа үшінші және төртінші абзацтармен толықтырылсын:<br>«2-тармақ мынадай мазмұндағы 8-5) тармақшамен толықтырылсын:<br>**«8-5) тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерде бекітілген бюджет қаражатының** | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>Осы норма 2.04.2020 жылғы РБК-да қаралды және мақұлданды. ЖАО-ның құзыреті бойынша «Білім туралы» Заңның 1-бабының 45) тармақшасына толықтыруды іске асыру үшін енгізіледі | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **көлемдері шегінде мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді және орналастырады;»;»;** | | |
| 55. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 3) тармақшасының жаңа бесінші абзацы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңы 6-бабы 2-тармағының жаңа 24-11) тармақшасы* | 6-бап. Білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті<br>…<br>2. Облыстың жергілікті атқарушы органы:<br>…<br>24-11) білім беру ұйымдарында, оның ішінде аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) орналасқан білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың) білім алуына арнайы жағдай жасайды; | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа бесінші абзацпен толықтырылсын:<br>**«2-тармақтың 24-11) тармақшасы алып тасталсын;»;** | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>«Білім туралы» Заңның 6-бабы 2-тармағының 3) тармақшасының жаңа редакциясын қайталауды болдырмау мақсатында. | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 56. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 3) тармақшасының жаңа алтыншы және жетінші абзацтары<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңы 6-бабы 3-тармағының жаңа 7-5) тармақшасы* | 6-бап. Білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті<br>…<br>3. Республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы:<br>…<br>**7-5) жоқ;** | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа алтыншы және жетінші абзацтармен толықтырылсын:<br>«3-тармақ мынадай мазмұндағы 7-5) тармақшамен толықтырылсын:<br>**«7-5) тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерде бекітілген бюджет қаражатының көлемдері шегінде мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді және орналастырады;»;»;** | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>Бұл норма 2.04.20 жылғы РБК-да қаралды және мақұлданды.<br>ЖАО-ның құзыреті бойынша «Білім туралы» Заңның 1-бабы 45) тармақшасында мақұлданған толықтыруды іске асыру үшін енгізіледі. | **Қабыл-данды** |
| 57. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 3) тармақшасының жаңа сегізінші және тоғызыншы абзацтары<br><br>*«Білім туралы»* | 6-бап. Білім беру саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті<br>…<br>3. Республикалық маңызы бар қаланың және астананың | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа сегізінші және тоғызыншы абзацтармен толықтырылсын:<br>«3-тармақтың 13) тармақшасы мынадай | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>Осы Конвенцияның мақсаттары үшін «Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *ҚР Заңы 6-бабы 3-тармағының 13) тармақшасы* | жергілікті атқарушы органы:<br>…<br>13) **арнайы оқу бағдарламалары бойынша** оқытуды ұйымдастырады; | | редакцияда жазылсын:<br>**«13) ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) оқытуды, оларға білім алу үшін білім беру ұйымдарында арнайы жағдайлар жасауды, әмбебап дизайн және (немесе) орынды орналастыру қағидаттарын ескере отырып, мемлекеттік құрылыс нормаларына және стандарттарына сәйкес білім беру ұйымдары ғимараттарының, құрылысжайлары-ның және үй-жайларының қолжетімділігін қамтамасыз етеді;»;** | туралы» 2015 жылғы 20 ақпандағы № 288-V Заңның 2-бабына сәйкес :<br>«мүгедектік белгісі бойынша кемсіту» мақсаты немесе нәтижесі саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық немесе кез келген өзге саладағы адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын басқалармен тең дәрежеде тануды, іске асыруды немесе жүзеге асыруды кемсіту немесе теріске шығару болып табылатын, мүгедектік себебі бойынша кез келген айырмашылықты, алып тастауды немесе шектеуді білдіреді. Ол кемсітудің барлық түрлерін, оның ішінде ақылға қонымды бейімделуден бас | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тартуды қамтиды; «ақылға қонымды бейімдеу» мүгедектердің адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын басқалармен тең дәрежеде іске асыруын немесе жүзеге асыруын қамтамасыз ету мақсатында мөлшерлес емес немесе ақталмаған ауыртпалыққа айналмайтын, нақты жағдайда қажет болған кезде қажетті және қолайлы түрлендірулер мен түзетулер енгізуді білдіреді; «әмбебап дизайн» дегеніміз-бейімделу немесе арнайы дизайнды қажет етпестен, оларды барлық адамдар үшін қолдануға болатын етіп жасауға арналған заттардың, | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жағдайлардың, бағдарламалар мен қызметтердің дизайнын білдіреді. «Әмбебап дизайн» қажет болған жерде мүгедектердің нақты топтарына арналған ассистивті құрылғыларды жоққа шығармайды. | |
| 58. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 4) тармақшасының екінші абзацы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңы 8-бабының жаңа 1-1-тармағы* | 8-бап. Білім беру саласындағы мемлекеттік кепілдіктер<br>…<br>1-1. жоқ | «1-1. Мемлекет ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарға (балаларға) білім беру жүйесі ұсынған шекте, олардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, білім берудің барлық деңгейлерінде өзін-өзі жетілдіруге, өмір бойы оқуын жалғастыруға, білім алу түрлерін, **оқыту түрлерін**, білім беру қызметін жүзеге асыратын мекемені (ұйымды) таңдау құқығын беруді қоса алғанда, оның қабілетін еркін дамытуға жағдай жасайды.»; | **«оқыту түрлерін,»** деген сөздер алып тасталсын; | **Заңнама бөлімі**<br>«Білім туралы» Заңның 27-бабына сәйкес. | **Қабыл-данды** |
| 59. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 4) тармақшасының екінші абзацы | 8-бап. Білім беру саласындағы мемлекеттік кепілдіктер<br>… | «1-1. Мемлекет ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарға (балаларға) білім беру жүйесі ұсынған шекте, | **«, білім беру қызметін жүзеге асыратын мекемені (ұйымды)»** деген | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>Редакциялық түзету, «білім беру | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *«Білім туралы» ҚР Заңы 8-бабының жаңа 1-1-тармағы* | **1-1. жоқ** | олардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, білім берудің барлық деңгейлерінде өзін-өзі жетілдіруге, өмір бойы оқуын жалғастыруға, білім алу түрлерін, оқыту түрлерін, **білім беру қызметін жүзеге асыратын мекемені (ұйымды)** таңдау құқығын беруді қоса алғанда, оның қабілетін еркін дамытуға жағдай жасайды.»; | сөздер алып тасталсын; | жүйесі ұсынған шекте» деген сөздер осы тармақшада «Білім туралы» Заңның 10-бабында көзделген білім беру жүйесін толық қамтитындықтан. | |
| 60. | Заң жобасының 1-бабының 1-тармағының жаңа ___) тармақшасы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңының 11-бабының 14) тармақшасы* | 11-бап. Білім беру жүйесінің міндеттері<br>Білім беру жүйесінің міндеттері:<br>…<br>14) **ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың)** білім алуы үшін білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы жағдайлар жасау болып табылады. | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа ___) тармақшамен толықтырылсын:<br>«__) 11-баптың 14) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:<br>**«14) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім алу үшін арнайы жағдайлар жасау болып табылады.»;**<br><br>*(тармақшалардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)* | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br><br>Білім туралы» Заңның 1-бабының 7-4) тармақшасына сәйкес келтіру мақсатында | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 61. | Заң жобасының 1-бабының 1-тармағының жаңа ___) тармақшасы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңының 14-бабы 2-тармағының төртінші бөлігі және 9-тармағының жаңа екінші бөлігі* | 14-бап. Білім беру бағдарламалары<br>...<br>2. …<br>Адамдардың **жекелеген санаттары үшін психологиялық-медициналық-педагогтік консультациялардың ұсынымдары ескеріле отырып айқындалатын, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму және әлеуеттік мүмкіндіктерінің ерекшеліктері ескерілетін** арнайы оқу бағдарламалары әзірленеді.<br>…<br>9. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, білім беру ұйымы лицензиясы болған жағдайда әртүрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыруға құқылы.<br>**Жоқ.** | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа ___) тармақшамен толықтырылсын:<br>«___) 14-бапта:<br>2-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:<br>«**Мүмкіндіктері шектеулі балалар** үшін арнайы оқу бағдарламалары әзірленеді.».<br>9-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:<br>**«Білім беру ұйымдары ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) оқыту үшін білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке даму ерекшеліктеріне және әлеуетті мүмкіндіктеріне сәйкес білім беру бағдарламаларын бейімдейді.»;»;** | **Депутат Ж.Н. Нұрманбетова**<br>«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабында 19-бапта арнайы оқу бағдарламасының мазмұны ашылады.<br>Оқу-тәрбие процесі шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу кезінде педагогтердің қызметін регламенттеу мақсатында қажетті ұсынылып отырған толықтыру | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *(тармақшалардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)* | | |
| 62. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 5) тармақшасы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңының 19-бабы* | 19-бап. Арнайы оқу бағдарламалары<br>1. Арнайы оқу бағдарламалары **мектепке дейінгі**, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары және техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары негізінде әзірленеді және **ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды (балаларды)** оқытуға және дамытуға бағытталады, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психологиялық-медициналық-педагогтік консультациялар ұсынымдары ескеріле отырып айқындалатын психикалық-физикалық ерекшеліктері мен | 5) 19-бап мынадай редакцияда жазылсын:<br>«19-бап. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғаларға (балаларға) арналған оқу бағдарламалары.<br>**Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғаларға (балаларға) арналған оқу бағдарламалары:**<br>1. **Бейімделген** оқу бағдарламалары – **мектепке дейінгі,** бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің **үлгілік** жалпы білім беретін оқу бағдарламалары, техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламары негізінде **әзірленген** және **ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар** тұлғаларды (балаларды), **білім алушылар мен тәрбиеленушілердің** психофизикалық және танымдық ерекшеліктерін ескере отырып, оқытуға және дамытуға бағытталған бағдарламалар. | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«5) 19-бапта:<br>1-тармақта:<br>**«мектепке дейінгі»** деген сөздердің алдынан **«тәрбие мен оқытудың»** деген сөздермен толықтырылсын;<br>**«ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды (балаларды)»** деген сөздер **«мүмкіндігі шектеулі балаларды»** деген сөздермен ауыстырылсын;<br>2-тармақ алып тасталсын;<br>3-тармақта «**арнайы білім беру ұйымдарында»** деген сөздерден кейін **«мектепке дейінгі ұйымдарда,»** деген сөздермен толықтырылсын;»; | **Депутат Ж.Ә. Омарбекова**<br>«Білім туралы» Заңның 1-бабының 42-1) тармақшасының жаңа редакциясына сәйкес келтіру мақсатында.<br>Редакциялық түзету | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | танымдық мүмкіндіктерін ескереді.<br>**2. Ұзақ уақыт емделуді қажет ететін адамдар үшін, сондай-ақ даму мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдер үшін арнайы оқу бағдарламалары әзірленеді және енгізіледі**.<br>3. Арнайы оқу бағдарламалары **Қазақстан Республикасының** заңдарында көзделген арнайы білім беру ұйымдарында, жалпы білім беретін мектептерде, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында немесе үйде іске асырылады. | **2. Арнайы оқу бағдарламалары – зерде бұзылыстары бар адамдарды (балаларды) оқытуға, оларда біліктер мен дағдыларды дамытуға, қоғамда әлеуметтендіруге бағытталған бағдарламалар.**<br>**3. Арнайы жеке (топтық, шағын топтық) оқу бағдарламалары – ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды (балаларды), білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескеріп, жеке (топтық немесе шағын топтық) түзетуші-дамытушы жаттығуларды ұйымдастыру және жүргізу үшін педагогтермен әзірленген бағдарламалар.»;** | | | |
| 63. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағының 6) тармақшасының екінші және үшінші абзацтары | 26-бап. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білім беру ұйымдарына қабылдауға қойылатын жалпы талаптар | «2. Білім беру ұйымы қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балаларды, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар **балаларды** қабылдауды қамтамасыз ететін | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«2. Барлық балаларды, оның ішінде білім беру ұйымының қызмет | **Депутаттар Ж.Н. Нұрманбетова, Ж.Ә. Омарбекова**<br>«Білім туралы» Заңның 26-бабы- | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | *«Білім туралы» ҚР Заңының 26-бабының 2-тармағы* | …<br>2. Білім беру ұйымы қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балаларды, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балаларды қабылдауды қамтамасыз ететін мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі тиісті үлгідегі оқу орындарына қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде жергілікті атқарушы органдар бекітетін қабылдау қағидаларында белгіленеді. | **мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарына** оқуға қабылдау тәртібі тиісті үлгідегі **оқу орындарына** қабылдаудың үлгілік қағидалары **негізінде жергілікті атқарушы органдар бекітетін қабылдау қағидаларында белгіленеді.**<br>**Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды қабылдағанда білім беру ұйымы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысын ескере отырып, арнайы шарттарды анықтайды және қамтамасыз етеді.**»; | көрсету аумағында тұратын ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) қабылдауды қамтамасыз ететін **мектепке дейінгі ұйымдарға және орта білім беру ұйымдарына** оқуға қабылдау тәртібі **тиісті үлгідегі білім беру ұйымдарына** оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында **айқындалады**.»; | ның 1-тармағына, 5-бабы 1-бөлігінің 11) тармақшасына жаңа түзетуге үйлестіру мақсатында. Редакциялық түзету.<br>Заң жобасының 1-бабы 1-тармағы 6) тармақшасының үшінші абзацын алып тастау ұсынылады, өйткені практикада норманың осы бөлімі ПМПК қорытындысын талап ету үшін негіз болып табылады.<br>Бұл жағдай балаларды мектепке қабылдауға кедергі келтіреді, ата-аналар арасындағы әлеуметтік шиеленісті арттырады.<br>Сонымен қатар, жағдай жасау білім беру ұйымдарының «Білім туралы» | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Заңның 43-бабы 3-тармағының жаңа 13-1) тармақшасының құзыретіне кіреді. | |
| 64. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағының жаңа 7) тармақшасы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңының 31-бабы 1-тармағының жаңа екінші бөлігі* | 31-бап. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру<br>1. 1-сыныпқа оқуға балалар алты жастан қабылданады.<br>Жоқ. | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа ___) тармақшамен толықтырылсын:<br>«__) 31-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:<br>**«1-сыныпқа оқуға балалар алты жастан қабылданады.**<br>**«Мүмкіндігі шектеулі балалар орта білімді алты - он жастан бастап алуға құқылы.**<br>**Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту ерекше білім беру ерекшіліктерін бағалауды ескере отырып, жүзеге асырылады.**<br>**Бұл ретте білім беру бағдарламаларына сәйкес бастауыш және негізгі орта білім алудың ұзақтығы он жылдан кем болмауы** | **депутат Ж.Н Нұрманбетова**<br>Мүмкіндіктері шектеулі балалардың жеке психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, білім алу құқықтарын сақтау мақсатында жүзеге асырылады. Себебі мүмкіндігі шектеулі балалар өздерінің денсаулығы мен денсаулығына байланысты сау құрдастарына қарағанда кейінірек оқуға дайын бола алады.<br>Осыған байланысты мүмкіндігі шектеулі | **Пысықтау-да** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **тиіс.»;»;**<br><br>*(тармақшалардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)* | балаларды қабылдауды қамтамасыз ететін заңнамалық норма қажет, бұл оның мүмкіндіктеріне сәйкес мектепке баруға мүмкіндік береді. Бұл ретте оқыту процесінде жеке бағдарламаларды анықтау үшін білім беру қажеттіліктерін бағалау жүзеге асырылады. | |
| 65. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағының жаңа _) тармақшасы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңының 43-бабының 3-тармағының жаңа 2-3), 2-4) тармақшалары және жаңа 6-2 және 6-3-тармақтары* | 43-бап. Білім беру ұйымдарының құзыреті<br>3. Білім беру ұйымдарының құзыретіне мынадай функциялар:<br>...<br>**2-3) жоқ;**<br>**2-4) жоқ;**<br>**...**<br>**6-2. жоқ.**<br>**6-3. жоқ.** | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа ___) тармақшамен толықтырылсын:<br>«___) 43-бапта:<br>3-тармақ мынадай мазмұндағы 2-3) және 2-4) тармақшалармен толықтырылсын:<br>**«2-3) білім беру бағдарламаларын бейімдеу және іске асыру;**<br>**2-4) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар)** | **Депутаттар Ж. Нұрманбетова, Ж.Ә. Омарбекова**<br>Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар білім алатын бағдарламаларды регламенттеу үшін. Жеке дамып келе жатқан бағдарламалар негізінде оқу процесін | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **үшін жеке-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;»;**<br>«мынадай мазмұндағы 6-2 және 6-3-тармақтармен толықтырылсын:<br>**«6-2. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар психологиялық-медициналық-педагогикалық зерттеп-қарау және консультация беру бағдарламаларын іске асырады.**<br>**6-3. Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен оңалту орталықтары түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады.»;»;**<br><br>*(тармақшалардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)* | ұйымдастыру құрылады. Сондай-ақ психологиялық-педагогикалық тексеру және кеңес беру бағдарламалары және түзету-дамыту бағдарламалары ПМПК мамандарымен тексеру, кеңес беру және мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру ортасына қосқан кезде оларға қолдау көрсету процесінің бірыңғай тәсілдерін әзірлеу үшін қажет. | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 66. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағының жаңа __) тармақшасы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңының 43-бабы 3-тармағының жаңа 13-1) тармақшасы* | 43-бап. Білім беру ұйымдарының құзыреті<br>…<br>3. Білім беру ұйымдарының құзыретіне мынадай функциялар:<br>…<br>**13-1) жоқ;** | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа ___) тармақшамен толықтырылсын:<br>«__) 43-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:<br>**«13-1) білім алу үшін арнайы жағдайлар жасау;»;»;**<br><br>*(тармақшалардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)* | **Депутаттар Д.Н. Назарбаева, Ж.Ә. Омарбекова**<br>Іс жүзінде білім беру ұйымдарының басшылары бекіткен нормалар жеткілікті түрде іске асырылмайды және осыған байланысты ҮЕҰ мен ата-аналар қоғамдастығының көптеген ұсыныстары негізінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту және тәрбиелеу үшін жағдай жасау жөніндегі функцияларды тікелей білім беру ұйымының құзыретіне енгізу жөнінде норма енгізу ұсынылады. | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 67. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағының жаңа __) тармақшасы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңының 44-бабының жаңа 5-1-тармағы* | 44-бап. Білім беру ұйымдарын басқару<br>…<br>**5-1. Жоқ.** | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа ___) тармақшамен толықтырылсын:<br>«__) 44-бап мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:<br>**5-1. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялау олардың кәсіби әлеуетін неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.**<br>**Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялау бір елді мекен шегінде жүзеге асырылады.**<br>**Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларына ротация жүргізу мерзімдері мен шарттары мемлекеттік білім беру ұйымдарының** | **Әлеуметтік-мәдени даму комитеті**<br>Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялау институтын енгізуге байланысты оның мақсатын, оны өткізудің мерзімдері мен шарттарын заңнамалық деңгейде айқындау, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірліктің шегін бекіту талап етіледі. | **Қабыл-данды**<br><br>ҚР Үкіметі пысықтай отырып, қолдады (13.04.2021ж № 21-06/1741 зж қорытынды*)* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **бірінші басшыларына ротация жүргізу қағидаларында айқындалады.»;** <br><br> *(тармақшалардың кейінгі нөмірленуі тиісінше өзгертілсін)* | | |
| 68. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағының жаңа __) тармақшасының жаңа бесінші абзацы | 44-бап. Білім беру ұйымдарын басқару <br> ... <br> **9-3. Мүгедек, жүкті, көп балалы ата-ана (қорғаншы), он төрт жасқа дейінгі баланы тәрбиелеп отырған жалғызбасты ата-ана болып табылатын, мүгедек балалары, оның ішінде асырап алған балалары бар (қорғаншы болып табылатын) немесе басқа жерге көшумен байланысты асырауында қарт ата-анасы бар мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауға** | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа __) тармақшамен толықтырылсын: <br> «__) **44-баптың 9-3-тармағы алып тасталсын;»;** | **Әлеуметтік-мәдени даму комитеті** <br> Тек бір елді мекен шегінде ғана ротациялау ұсынылатындығын ескере отырып, көшумен байланысты ротациялардың алынып тасталғаны жөн. | **Қабыл-данды** <br> *ҚР Үкіметінен оң қорытынды алынды* (13.04.2021ж № 21-06/1741 зж) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **олардың келісімі бойынша ғана жол беріледі.».** | | | | |
| 69. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағының 7) тармақшасының екінші абзацы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңының 45-бабы 3-тармағының жаңа 4-1) тармақшасы* | 45-бап. Еңбек қатынастары және білім беру ұйымы басшысының жауапкершілігі<br>…<br>3. Білім беру ұйымының басшысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:<br>…<br>**4-1) жоқ;** | «4-1) **білім беру ұйымдары жағдайында** ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды (балаларды) **тәрбиелеу мен оқыту үшін нормативтік құқықтық актілерде көзделген** арнайы жағдайлар **қабылдау және жасамау қағидаларын** бұзу;». | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«4-1**) білім беру ұйымдарында үлгілік қабылдау қағидаларын бұзғаны немесе білім алу үшін** арнайы жағдайлар **жасамағаны;»;** | **Депутаттар Д.Н. Назарбаева Ж.Ә. Омарбекова**<br>Іс жүзінде білім беру ұйымдарының басшылары бекіткен нормалар жеткіліксіз іске асырылуда, осыған байланысты ҮЕҰ мен ата-аналар қоғамдастығының көптеген ұсыныстары негізінде осы іс-шараларға қатысты басшылардың жауапкершілігін күшейту бойынша норма енгізу ұсынылады. «Қабылдау қағидаларын бұзу» деген сөздер алып тасталды, себебі бұл норма ӘҚБтК-нің 409-бабында көзделген. «Білім туралы» Заңның | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 1-бабы 7-4) тармақшасының жаңа редакциясына үйлестіру мақсатында. | |
| 70. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағының жаңа __) тармақшасы<br><br>*«Білім туралы» ҚР Заңының 62-бабының жаңа 6-3-тармағы* | 62-бап. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік қаржыландыру<br>...<br><br>6-3. Жоқ. | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа ___) тармақшамен толықтырылсын:<br>«___) 62-бап 6-3-тармақпен толықтырылсын:<br>**«6-3. Мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысы білім алушылардың және (немесе) тәрбиеленушілердің санын және бір білім алушыға және (немесе) тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құнын қамтуға тиіс.»;»;**<br><br>*(тармақшалардың кейінгі нөмірленуі тиісінше* | **Депутаттар С.Б. Мұсабаев Ж.Ә. Омарбекова**<br>«Білім туралы» Заңның 5-бабы 43-4) тармақшасына жаңа түзетумен үйлестіру мақсатында редакциялық түзету, сондай-ақ «Білім туралы» Заңның 8-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес келтіру. | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | *өзгертілсін)* | | |
| 71. | Заң жобасының 1-бабы 1-тармағының жаңа __) тармақшасы<br><br>*Білім туралы ҚР Заңының 64-бабының атауы және жаңа 3-1-тармағы* | 64-бап. Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын дамыту<br>…<br>3. Білім беру ұйымдарын жекешелендіру «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша жүзеге асырылады.<br>**3-1. Жоқ.** | **Жоқ.** | Мынадай мазмұндағы жаңа __) тармақшамен толықтырылсын:<br>«__) 64-бапта:<br>атауы мынадай редакцияда жазылсын:<br>«64-бап. Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын дамыту, **білім беру ұйымдарын иеліктен шығару**»;<br>мынадай мазмұндағы 3-1 тармақпен толықтырылсын:<br>**«3-1. мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары мен мемлекет жүз пайыз қатысатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының акциялары иеліктен шығарылуға жатпайды.».** | **Әлеуметтік-мәдени даму комитеті**<br>64-бапқа жаңа 3-1-тармақты толықтыруға байланысты.<br><br>ҚР Президенті Қ. К. Тоқаевтың 22.10.2020 ж. ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысында ұлттық және мемлекеттік жоғары оқу орындарын сатуға тыйым салуға қатысты берген тапсырмасын іске асыру мақсатында *(цитата: «Көптеген университеттер коммерциялық емес акционерлік* | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | *қоғамдарға айналды. Бұл қоғамда ірі мемлекеттік университеттерді кейіннен жеке меншікке сату туралы барлық алыпсатарлық пен қорқыныш тудырады. Осыған байланысты ұлттық және мемлекеттік жоғары оқу орындары сатылмайды деп мәлімдеймін»).* «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңның 96-бабының 1-тармағы, 4) тармақшасына сәйкес акционерлік қоғамдардың акциялары жекешелендіру объектілері болуы мүмкін.<br>Осы түзетуді қабылдау мемлекеттің 100% қатысуымен мемлекеттік жоғары | ҚР Үкіметі пысықтай отырып, қолдайды (07.04.2021ж № 21-6/7320 қорытынды) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | оқу орындары мен жоғары оқу орындарын жекешелендірудің/ иеліктен шығарудың ықтимал тәуекелін төмендетуді көздейді. | |
| 72. | Заң жобасының 2-бабы | | Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі. | Мынадай редакцияда жазылсын: **«2-бап.** Осы Заң: **1) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағының 9) және 11) тармақшаларын**; **2) 2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 4-тармағы 3) тармақшасының бесінші, алтыншы, тоғызыншы және оныншы абзацтарын және 12) тармақшасын қоспағанда**, алғашқы ресми жарияланған | **Депутаттар С.Б. Мұсабаев, Ж. Нұрманбетова, Ж.Ә. Омарбекова** «Құқықтық актілер туралы» Заңның 42-бабы 4-1-тармағының екінші бөлігіне және 5-тармағына сәйкес. «Білім туралы» Заңның 6-бабының 2-тармағының жаңа 8-5) тармақшасына және 3-тармағының 7-5) тармақшасына үйлестіру мақсатында. Мерзімі 2022 жылғы қыркүйекке ауыстырылады, | **Қабыл-данды** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.». | осыған байланысты мемлекеттік білім беру тапсырысын есептеу әдістемесін әзірлеуге қаражат алдағы 2022 жылға салынады.<br>Заң 2021 жылы қабылданған жағдайда мемлекеттік білім беру тапсырысын есептеу әдістемесін әзірлеуге арналған қаражат 2021 жылы келесі 2022 жылға көзделетін және бекітілетін болады. Редакциясын нақтылау. | |

Заң жобасының мәтіні заң техникасы қағидаларына және әдеби тіл нормаларына сәйкес келтірілсін.

**Комитеттің төрайымы** **Ж. Нұрманбетова**